

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 12 (923) 17 наурыз 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz




tainsha_tan@list.ru

ӘЗ – НАУРЫЗ, МОЛ БОЛСЫНШЫ БІРЫСЫМ, ҚҰТ-БЕРЕКЕ ӘКЕЛСІН ЕЛІМІЗГЕ ҰЛЫС КҮН!



Наурыз мейрамымен құттықтаймыз!



Қымбатты Тайынша Ауданының тұрғындары!

Жерімізге ең жарқын көктем мерекесі – Наурыз мейрамы келіп жетті. Біз бүгін Қазақстанның тәуелсіздік алуымен өмірімізге қайта оралған, көктемнің ең тамаша мерекелерінің бірі – Наурыз мейрамын тағы да атап өтудеміз. Наурыз мерекесін ешқандай діни мерекемен ортақтастыруға болмайды. Бұл мереке шығыс елдерінің ортақ тойы, халықаралық мәні бар, елді бірлікке, татулыққа, ортақ мүддеге шақыратын ерекше мейрам. Жер-жаыанға тіршілік нәрін сеуіп, ару көктеммен бірге келген жарқын мерекеміз – Ұлыстың ұлы күні баршаңызға құтты болсын!

Наурыз – ізгілік пен бірліктің мерекесі. Бұл күні барша жұрт өкпе – ренішті ұмытып, ағайынмен бір дастархан басында табысады. Адамдар бір-біріне ырыс-несібе тілеп, ақ пейілдерін арнайды. Бұл кезеңді біздің халқымыз береке-бірлік, ырыс-құт мезгілі санайды.

Ұлыстың ұлы күнінде айтылған барлық тілек қабыл болады, - дейді. Олай болса, еліміз тыныш, аман болсын! Қасиетті Наурыз мерекесі баршаңызға жаңа жетістіктер мен жеңістер, молшылық пен татулық әкелсін.

Баршаларыңызды осы келген Наурыз мейрамымен құттықтай отырып, ағайын – туыс, отбасыларыңызға айтарым: кетпес дәулет берсін, кең пейіл, ниет берсін, бастарыңа амандық берсін. Бастарыңа бақ қонсын, ниеттеріңіз қабыл болсын! Аллаһ тағала баршаңызды рақымына бөлеп, Пайғамбарымыздың шапағатын нәсіп етсін! Әмин!

Зиятбек АХМЕТҰЛЫ,
Тайынша аудандық мешітінің Бас имамы.

ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

Бүкіл халықтық ұлттық шынайы көктем мерекесі Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Наурыз мейрамы жаңару мен жасампаздыққа, адамдардың рухани тазаруына ықпал етеді, қоғамда бейбітшілік пен келісімді нығайтады.

Бұл күндері адамдар бірі-біріне деген реніштерін кешіреді, ал табиғаттағы және біздің жүрегіміздегі үйлесімдік мейірбандық пен жақын адамдарымызға сүйіспеншілікті тудырады.

Наурыз – біздің бірлігіміз бен өзара көмегіміздің мерекесі, біздің еңбексүйгіштігіміз бен өмірімізді гүлдендіруіміздің салтанаты. Бұл өз күшімізге сенімнің мерекесі.

Біз өзіміздің жеңістеріміз бен жетістіктерімізді, бойымыздағы ізгі сезімдеріміз бен дәстүрлерімізді, оның ішінде жарқын Наурыз мерекесінің дәстүрлерін ұрпақтан ұрпаққа беруге тырысамыз.

Бүгіндері келісімнің берік іргетасында біздің ортақ үйіміз - Тәуелсіз Қазақстан дамып келеді. Біздің республикамыз еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың алдымызға айқындап берген мақсаттарына қарай алға басуда.

Қымбатты жерлестер! Ұлыстың ұлы күні - Наурыз әр отбасындағы келісім дәнекерін, терең құрмет пен түсіністікті нығайтанына шын жүрегімізмен тілектеспін.

Сіздердің барлық армандарыңыз орындалсын, үміттеріңіз ақталсын. Сіздерге және отбасыларыңызға бақыт, игілік пен табыстар тілеймін! Әр үйге ол гүлдену мен қуаныш әкелсін!

Айдарбек САПАРОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР!

Баршаңызды халқымыздың Ұлы мейрамы, Әз-Наурызбен шын жүрегімізнен құттықтаймын!

Елімізді өркендетуге, халқымыздың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған ауқымды іс-шараларды жүзеге асырудағы қажырлы еңбектеріңіз әрдайым табысты болып, ойға алған барлық мақсат, жоспарларыңыз орындалсын. Наурыз мейрамы – кешірім мен мейірімнің, үміт пен сенімнің, ізгілік пен түсіністіктің мерекесі. Қазіргі уақытта Наурыз жаңа сипатқа ие болды, ұлтына, діни сеніміне қарамастан Қазақстанды мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың ортақ мерекесіне айналды. Халықтар арасындағы достықты бекітуге, бауырластық қарым - қатынастардың нығаюына, әр ұлттың салт - дәстүрінің қайта жаңғыруына Наурыз мейрамы үлкен үлесін қосып отыр. Тарихи тамыры тереңге бойлаған Әз-Наурыз дана халқымызда қай кезде де еңсесі биік елдіктің іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып келеді.

Елімізге – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, ал әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілеймін.

Еліміз өркен жайып, Наурыз баршамызға ынтымақ пен сәттілік алып келсін! Наурыз мейрамы туған жер топырағына құт - береке әкелсін.

Баршаңызға амандық, саулық, дастархандарыңызға молшылық тілеймін! Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі баршамызға құтты болсын.

Берік ӘЛЖАНОВ,
Тайынша ауданының әкімі.

ҚОШ КЕЛДІҢ, ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ!

Көнеден жаңғырып келген Наурыз мейрамы - бүгінгі таңда Қазақстанның барлық азаматы үшін көктем мен жақсылық, еңбек пен жасампаздық, достық пен келісімнің сүйікті мерекесіне айналды.

Наурыз – бұл ізгілік пен бейбітшілік мерекесі. Ерте заманда бұл мерекеге барлық ауылдан адамдар жиналып, бір-бірімен қуаныштарын бөліскен. Наурыз мейрамы ізгі ниет танытуға, қысылғанға қол ұшын беруге дайын тұру, халықтың татулығы мен жарасымдылығына қамқорлық жасау сияқты өзінің ізгі ұмтылысын ғасырларға жеткізді. Халқымыздың рухани жаңғыруын діндегі Наурыз дәстүрлері бүкіл қоғам мәдениетінің ажырамас бір бөлігіне айналса, құба-құп. Жаңа жылдың жаршысындай бұл күнді халқымыз ақ тілеудің, пәк пейілдің күні деп бекер айтпаса керек. Араздасқан ағайын, дос-жаран қасиетті той үстінде татуласып, бір-бірін дәмге шақырып, өкпе-назды ескі жылға еншілетіп, жаңа жылдың табалдырығын жарқын жүз, жақсы тілекпен аттаған. Ал, ел ағалары, ауыл ақсақалдары халықты ауызбірлікке шақырып, ынтымақ аясында өткен еңбектің ырысы мол болатынын еске түсіріп отырған.

Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, бақыт, құт-береке, ынтымақ-бірлік, молшылық, барлық игі бастамаларыңызға сәттілік тілеймін! Күллі мұсылман халықтарына жаңа жылдың бастауы саналатын Наурыз мейрамында барлық асыл армандарыңыз орындалып, үміттеріңіз жүзеге асып, достық пен ынтымақтарыңыз нығая түссін. Әр үйде бақыт, қызық-қуаныш орнап, өмірлеріңіз гүлдене берсін! Ұлысымыз оң, ақ мол болсын, ағайын!

Гүл НҰРАЛИНА,
"Тайынша таңы" газетінің бас редакторы.

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ...



Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы – табиғаттың қайта түлеп, тіршілік атаулының жаңаратын кезі. Сан ғасырлық тарихы бар Ұлыстың ұлы күні Орта Азия халықтарының Жаңа жылы саналады.

Наурыз мейрамының шығу тарихы Наурыз мейрамын әлем халықтарының көпшілігі ертеден тойлап келеді. Кейбір деректерге сүйенсек, Наурыз мейрамы Орта Азия халықтары арасында бес мың жыл бойы аталып өтуде. Бұл мейрамды ежелгі гректер «патрих», тәжіктер «гүл гардон», «бәйшешек», хорезмдіктер «наусарджи», татарлар «нардуган», буряттар «сагаан сара», армяндар «навасарди», чуваштар «норис ояхе» деп түрліше атаған. Әбу Райхан Бируни, Омар Найям және тағы басқа ғұламалардың еңбектерінен Ұлыстың ұлы күнін мерекелеуге қатысты мағлұматтарды көп кездестіруге болады. Мәселен, парсы тілдес халықтар Наурыз мейрамын бірнеше күн тойлаған. Әр жерге от жағып, оған май құятын болған, жаңа өңген жеті дәнге қарап, болашақты болжаған. Наурыз жаңару, жаңғыру мерекесі болғандықтан, ескі-құсқы киімдерден арылып, ескірген шыны аяқты сындырған. Наурыз сөзі парсы тілінен аударғанда «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Қазақ халқы Наурыз мейрамын күн мен түн теңесетін, жаңа жылдың басталар шағында тойлаған. Ұлыстың ұлы күнін «Армысың, Әз Наурыз» деп қарсы алған. 21 наурызда Жер иесі – Қыдыр ата ел-елді аралап, бақыт сыйлайды, бата береді деген наным-сенім бар. Наурыз қазақ жерінде сан ғасырлардан бері тойланып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатса да, Кеңес үкіметі бұл мерекені «діни мейрам» деп танып, 1926 жылы ресми түрде тойлауға үзілді-кесілді тыйым салды. Көктемнің шуақты мейрамы салт-дәстүрді берік ұстанған қазақ отбасыларында ғана жасырын түрде аталып өтті. Осылайша қазақ жерінде 62 жыл бойы ұмыт болған Наурыз мейрамы 1988 жылы қайта жаңғырды.

Қазақстан президентінің жарлығымен елімізде Наурыз мейрамы 2010 жылдан бері үш күн тойланады. БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен 2010 жылы Наурыз халықаралық мейрам мәртебесіне ие болды. Ал 2016 жылы ЮНЕСКО 12 ел – Ауғанстан, Әзербайжан, Үндістан, Иран, Ирак, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Пәкістан, Тәжікстан, Түрікменстан және Түркия атынан Наурызды адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізді. Қазақстанның батысында Наурыз мерекесі 14 наурыздан басталады және «Амал» немесе «Көрісу» деп аталады. Халық қыстан аман-есен шыққанына қуанып, бір-бірімен төс қағыстырып, құшақтасып амандасады. Жақсы тілектер айтып, жастар жағы үлкендерге сәлем бере барып, батасын алады. Көрісу мейрамы бір күннің аясымен шектеліп қалмайды, жыл бойы жалғаса береді.

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ҚАЛАЙ ТОЙЛАЙДЫ?

Наурыз әр адамды жоғары саналыққа, әдептілікке, өнегелікке, бауырмалдылыққа, жомарттыққа баурайды. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында Наурыз мейрамын тойлау тұжырымдамасын әзірлеп, көктем мерекесінің мазмұнын байытуды тапсырды.

Бұл мереке табиғат пен адамның үндестігін көрсетеді. Наурыз күн мен түннің теңелген күні. Көктемгі күн тоғысы наурыз айының 21-нен 22-не ауысқан түні болады. Осы уақыттан бастап күн ұзарып, түн қысқарады. Наурыз – жыл басы.

Наурыз-қасиетті күн. Төрт түлік мал төлдеп, табиғаттағы барлық жәндіктер мен өсімдіктерге жан бітетін ай. Бұл күні Самарқанның көк тасы жібітін күн. Бұл күні адамдар бір-біріне жақсы тілектер айтып, араздасқандар төс қағысып, татуласады. Қазақ халқы Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды салт-дәстүрге айналдырды. Еліміз Тәуелсіздігін алғаннан кейін Наурыз мемлекеттік деңгейде барлық қалаларда, облыс, аудан орталықтарында, ауылдарда бүкілхалықтық мереке ретінде тойланып келе жатыр. Ендігі жерде өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа аманат ету парызымыз. Ұлыстың күні Қазақтың сайын даласын Қыдыр баба аралап, адам баласына құт-береке, бақ-дәулет сыйлайды деген ұғым бар. Адамдар таңмен таласып, жақсы іс істеп, әр отбасы нұрыз көже жасап бірін-бірі қанаққа шақырады. Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арылады. Ауыл ақсақалдары бата береді. «Наурызда Самарқанның көк тасы да жібиді» деген сөздің астарында үлкен мән жатыр. Наурыз тек күн мен түн теңесіп, тіршілік атаулыға жан бітетін мейрам емес. Бұл бірлік пен еңбектің, мейірімділік пен ізгіліктің, достық пен татулықтың мерекесі. Наурыз мейрамында бұрын ренжісіп жүргендер өкпе-ренішін ұмытып, татуласады, бір-біріне кешіріммен қарайды. Таң атысымен бір-бірінің үйіне кіріп, құтты болсын айтады, үйлерінің алдын, аулаларын кір-қоқыстан тазартып, ағаш отырғызады, гүл егеді. Әр жерде көкпар, қыз қуу, қазақ күресі секілді ұлттық ойындардан жарыс ұйымдастырылады, ән шырқалады, би биленеді, қыз-жігіттер алтыбақан тебеді. Ауыл ақсақалдары араздасып қалған бауырлас ел, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып табыстырған, жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Қараусыз қалған кембағал жандарды жақын туыстарының қарауына берген. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген. Сонымен қатар, міндетті түрде Наурыз мейрамының дәстүрлі тағамы – Наурыз көже дайындалады.

Наурыз мейрамында дастарқанға қандай тағамдар қойылады

Наурыз мейрамында дастарқанда тағам мол болса, сол жылы ақ мол болады деген ырым бар. Сондықтан ақ жаулықты аналарымыз дастарқанда тағамның көп болуына баса мән берген.

Ақ тағамдар. Ақ тағамдарға қымыз, шұбат, сиыр, қой-ешкі сүтінен жасалған айран, құрт, ірімшік, сүзбе, қаймақ, малта, ежігей, ақлақ, уыз, уызқағанақ, қатық, сүзбе, тосап, сүт көже, көбік, көпіршік, ақірім, сарымай сияқты әр алуан тағамның түрлері жатады. Сонымен қатар Ұлыстың ұлы күні дастарқанға ұннан жасалған нан, қиықша, шөлпек, таба нан, төп, бөртпе, қазанжаппа, жарма, күлше, төңкерме, нан салма тағамдары қойылады. Сондай-ақ әйелдер қазақша ет және еттің сорпасынан наурыз көже жасайды.

Еттен жасалатын ұлттық тағамдар.

Қазақша ет. Халқымыздың құрметті қонақтарға ұсынатын кәделі, әрі ең басты тағамдарының бірі – ет. Қазақтар сыйлы қонақтарға мал басын көрсетіп, табақ-табақ ет тартқан. Әр табақ қонақтың дәрежесі мен жасына, іліктік жолына (нағашы, жиен, құдағи, қыз, бала, т.б.) сәйкес келуі керек. Осыған орай табақ тарту – бас табақ, сый табақ, күйеу табақ, келін табағы, жастар табағы, жай табақ болып бөлінеді. Аталған табақтарға сай ет (сүйек) мүшелері болады. Ол мүшелерді ауыстыруға болмайды.

Қуырдақ. Қуырдақ – соғыммен бірге жасалынатын кәделі әрі дәстүрлі тағам. Соғым сойылған үйде қуырдақ пісірілмеуі мүмкін емес. Ол тез піседі. Қуырдақты сүрп ет пен өкпе бауырды, бүйректі майлы ішек-қарынға араластырып, қуырып пісіреді. Жас етті кейде апаларымыз қаймаққа да қуырады. Мұны «бал қуырдақ» дейді.

Ақсорпа. Ерте замандардан бері қазақ семіз жылқы, сиыр сойған кезде, соғым сүйектерін далаға тастамай, жинап қоятын болған. Ет таусылған жағдайда, сол сүйектерді қазанға салып, су құйып қайнатқан. Майлы сүйектер қайнаған кезде, одан кәдімгі майлы сорпа шығады. Түсі ақшыл болғандықтан, оны «ақ сорпа» деп атайды. Салма. «Нансалма» немесе «кеспе» деп аталатын бұл ұлттық тағам нан кеспесінен және еттен пісіріледі. Қамырды жайып, ұзынша етіп кесіп алып, суға салып пісіреді де, үстіне туралған ет қосады. Сорпасы көп бұл ас жеңіл тағам болады. Салманы көбіне сиыр, қой етінен пісіреді. Жылқы етін пайдаланбайды.

Қарын бөртпе. Бұл тағам кейбір өңірлерде «бұжы» деп те аталады. Жаңа сойылған, ұсақ малдың етін, майын, бауырын, жүрегін, өкпесін ұсақтап турап араластырып, пияз, ұн, қосады да, оны қарынға немесе бүйенге тығып, аузын жақсылап түйреп қазанға қайнатады.

Наурыз көже. 22 наурыз мерекесі кезінде дайындалатын тағам. Оны әр үй жеті дәмнен жасап, оған қазы шұжық қосылады, әрі мерекемен құттықтауға келген қонақтарға зор ықыласпен ұсынылады. Наурыз көженің дәстүрлі, мерекелік, ұлттық тағылымы өте зор. Ол баршаны мейірімділікке, ізгілікке, бірлікке, татулыққа шақырады.

Сүттен жасалатын ұлттық тағамдар

Қаймақ – сүттен алынады. Оның түрлері: піскен қаймақ, шикі қаймақ, кілегей қаймақ, бал қаймақ. Бұл жердегі бал қаймақ – бал қосып қоюлатылған түрі.

Құрт – қой, сиыр сүтінен әзірленеді. Ашыған сүттен іркіт жинап, қазанға құйып қайнатып, суыған соң қапшыққа салып суын сорғытады, кейін әртүрлі кепте жасап кептіреді.

Құрт көже – суға ұн қосып араластырып, басқа ыдыста қайнаған суға тұз, күріш салып, екі сұйықты араластырып қайнатады, оған езілген құртты құяды. Ыстық ыдысқа (кесеге) құйып, үстіне сары май салып ішеді.

Ежігей – құрт сияқты әзірленгенімен ашымаған іркіттен жасайды. Дәмді, өзі жұмсақ. Оны балалар да, үлкен кісілер де өте сүйсіне жейді.

Ірімшік – сүтті ірітіп жасалатын дәмді тағам. Ол – дастарқанның сәні. Құрт, ірімшік жеп, қымыз, айран, сүт ішкен баланың денсаулығы мықты болады.

Жент – диірменге тартылған немесе келіге түйілген тарының сәгіне жылқының майын немесе сары майды қосып, қант, бал, мейіз, ірімшік қосып жасайды.

Сарысу – ірімшіктің сары суына қант қосып қайнатады.

Ақлақ – қой сүтінен жасалады. Қайнаған қой сүтін ірітіп, сарысуын жібермей сүзіп алып, майға езіп дайындайды.

Уыз – мал төлдегеннен кейін 2-3 күн өтісімен сүтін сауып алып, ішекке салып пісіреді. Уызды жеке кәстрөлге құйып, қазанда қайнап жатқан судың ішіне пісіріп, мұздатып алып дастарқанға қояды. Қазақтар соғым етіне қосып та қонағының алдына қояды.

Қатық – ұйытылған сүттен жасалады. Дәмі тіл үйіреді. **Айран** – сиыр сүтінен ашытып, жасалатын сусын. Оны жылдың төрт мезгілінде жасап ішуге болады. Денсаулыққа өте пайдалы.

Сүзбе – ұйытылған айраннан сүзеді, тұз салады. Жұмсақ құрт, ежігей сияқты жеуге де болады.

Торта – сары майды қайнатқанда түбінде қалатын қою тұнба. Ол қышқылтым да дәмді.

Малта – езілген құрттың ұсақталған түрі. Жұп-жұмсақ болады.

Балқаймақ – жаңа тартылған қаймақты шағын ыдысқа салып, баяу қайнатады. Осылайша балқаймақ дайындалады. Оны жеген қонақтар үй иесінің әйелін мақтап, ырза болып кетеді.

Тосап – қой сүтінен дайындалады, дәрулік, емдік қасиеті бар.

Сүт көже – сүтке күріш қосып қайнатып жасайды. Ашыған көже – құрамында су, ұн, тұз, сүт бар сусын. Жылдың төрт мезгілінде де жасап ішуге болады. Әсіресе, күн ыстықта шөлдеп үйге келгенде, салқын ашыған көже ішсең, шөлің басылып, рахаттанып қаласың.

Сейіт Кенжеахметұлы, «Қазақтың дарқан дастарқаны».

19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН

САЙЛАУ

ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

Елімізде өтетін Парламент Мәжілісіне және жергілікті мәслихаттарға депутаттар сайлауы – 19 жылдан кейінгі жаңа форматта, конституциялық реформаларға сай өткізілетін халық таңдауы. Өз басым осы сайлауға көп үміт артып отырмын.

Біріншіден, бұл сайлау – билік тармақтарын реформалауға кеңінен жол ашады. Осы шақырылымда сайланатын депутаттар Әділетті Қазақстанды құру жолында бел шешіп күресетініне күмәнім жоқ.

Екіншіден, бұл сайлауда 7 партияның мүшелерімен қатар, партияларда жоқ азаматтардың да саяси додаға қатысуына жол ашылды. Бұл жағынан алғанда биылғы сайлау елдің барлық азаматының тең дәрежеде сайлауға түсуіне мүмкіндік жасалды. Сайлау қорытындысында мықты халықтық блок құрылатыны сөзсіз. Осы орайда 10 мыңнан астам азамат Мәжіліс пен мәслихаттар депутаты болып сайлануға өз құқығын пайдаланып отыр.

Үшіншіден, бұл сайлау науқанының маңызды ерекшелігі – партиялық тізімдердегі квотаның кеңейуі және депутаттық мандаттарды бөлу кезінде квотаны есепке алу нормасы. Анығырақ айтқанда, Мәжіліс депутаттарын сайлауда партиялық тізімге әйелдер мен жастардан бөлек, мүгедектігі бар жандар да саяси үдерістерге қатысуда қиындықтарды бастан кешіретін әлеуметтік санат ретінде енгізіліп, саяси квота бекітілді. Мұның басты мақсаты – пікірлер плюрализмін қамтамасыз ету, біржақты көзқарасты жою және ортақ игілік үшін шешім қабылдауда мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету.

Сайлаудың осы ерекше-ліктерге құрылған жүйесіне

көшу біздің азаматтық және саяси белсенділігімізді арттыруға айтарлықтай серпін береді. Оның үстіне, бұл сайлауда саяси сынға түсушілердің сайлау науқанында бәсекеге қабілеттілігі тың үрдіске бағыт алғанын көреміз. Партиялар арасындағы бәсеке болсын, округтік сайлау арасындағы үміткерлердің бәсекесі болсын, олардың бәрі саяси науқанның көрігін қыздыра түскенін байқау қиын емес. Бұл сайлаудың құндылығы осында.

Сайлаушылар арасындағы енжарлық пен бейжайлықты жоюда бұл факторлар аса үлкен рөл атқарып отырғанын қазір ешкім де жоққа шығара алмайды. Кез келген партияның немесе кандидаттың және оның штабының мотивациясы мен көзқарасы, материалдық және адами ресурстары, науқанға дайындық деңгейі, креативі, шынайылығы сайлауалды науқанның жоғары деңгейде өтіп жатқанын білдіреді. Ал мемлекет бұқаралық ақпарат құралдарын теңдей пайдалануға кепілдік беріп отыр. Заңнамалық тұрғыдан барлық кандидаттың мүмкіндігінің тең екені де осы сайлаудың әділетті өтуіне апаратын бірден-бір жол екені даусыз. Сайлау – халықтық таңдау. Сондықтан да Қазақстанның барлық азаматы Парламент Мәжілісіне және жергілікті мәслихаттарға депутаттар сайлауы күні өздерінің қалаған партиялары мен округтерінен түсіп жатқан кандидатына дауыс беруге шақырамын. Сіз сол арқылы Қазақстанда басталған саяси институттар реформасының сәтті өтуіне үлес қоса аласыз.

Жақсыбек ҚҰЛЕКЕЕВ,
мемлекет және қоғам қайраткері.
Egemen Qazaqstan

«ЕҢБЕК ШАРТЫН ЖАСАҢЫЗ»

Елдің негізгі Заңы - Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабы қызметкерлерді мемлекеттік қорғауға кепілдік береді, әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітудің сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауға құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.

Мәселен, Еңбек кодексінің 33-бабының 1-тармағына сәйкес еңбек шарты жазбаша нысанда кемінде екі данада жасалады және оған тараптар қол қояды. Еңбек шартының бір данасы қызметкерде және жұмыс берушіде сақталады. Адамды жұмысқа жіберу еңбек шарты жасалғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

Еңбек шартын жасасу қызметкерге:
- Мамандығы бойынша жұмысты орындауға
- Жалақыны уақтылы алуға
- Жыл сайынғы еңбек демалысына
- Өндірісте жарақат алған жағдайда, аурухана парағының 100% төленуіне
- Кәсіптік еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда өтемақы алуға
- Арнайы киіммен және қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуіне
- Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдардың аударылуына
- Зейнетақы қорына аударымдардың аударылуына
- Еңбекшілердің еңбек құқықтары бұзылған кезде мемлекеттік қорғалуына кепілдік береді.

Бейресми еңбек қатынастарын болдырмау және оларды анықтау, еңбек қатынастарының жасырын нысандарын қысқарту, азаматтардың еңбек саласындағы құқықтары туралы хабардар болу деңгейін арттыру мақсатында «Еңбек шартын жасаңыз» облыстық науқаны басталды, оның шеңберінде науқанды өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Еңбек шартын жасаспау фактісі бойынша азаматтарға Петропавл қаласы Абай көшесі, 64 мекенжайы бойынша «СҚО әкімдігінің мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» КММ-ға жүгіну қажет, тел. 46-86-06
E-mail: inf.git@sqa.gov.kz

М.ОМАРОВ,
«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» КММ басшысы.

ДЕНСАУЛЫҚ МИНИСТРЛІГІ САЙЛАУ КҮНІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

– Денсаулық сақтау министрлігі елдегі эпидемиологиялық ахуалға байланысты 19 наурыз – сайлау күнінде бірқатар сақтық іс-шарасын ұстануға шақырды, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

«Қазіргі уақытта қызылшаға шалдығу үлкен алаңдаушылық тудырып отыр. Осы жылдың басынан бері қызылша күдігімен 56 жағдай тіркелді. Оның ішінде бүгінде зертханалық расталғаны – 20 жағдай. 20 жағдайға зерттеу жалғасып жатыр. Қызылша жоғары сезімталдықпен сипатталады. Ауа-тамшы жолымен беріледі және егілмеген адамдарға 100 пайыз қауіп төндіреді», – деді Денсаулық сақтау вице-министрі Айжан Есмағамбетова Орталық сайлау комиссиясының отырысында. Оның атап өтуінше, сайлаудың жаңа форматына сәйкес, сайлау учаскесінде бір уақытта сайлау комиссияның мүшелері, байқаушылар және сенімді адамдарды қосқанда көп адам жиналуы мүмкін. Осыған байланысты Денсаулық сақтау министрлігі республикамызда қызылша, коронавирус

инфекциясы бойынша ағымдағы жағдайды ескере отырып:

– үй-жайлардың бір адамға кемінде 4 шаршы метр есебімен толтырылуын;
– сайлау процесіне қатысушылардың жиналуына жол бермей, олардың ағымын реттеуді;
– үй-жайларда желдеткіш/ауа баптау жүйелерінің үзіліссіз жұмыс істеуін;
– жасанды ауа желдеткіш жүйесі болмаған жағдайда үй-жайды тұрақты түрде желдетуді;
– дауыс беру басталар алдында және қажеттілікке байланысты күні бойы үй-жайды желдетуді;
– дауыс беру басталар алдында және қажеттілікке байланысты күні бойы жуу құралдарын қолдана отырып, ылғалды тазарту жүргізуді, дезинфекция жасауды қамтамасыз етуді ұсынады.

Сондай-ақ А. Есмағамбетова ел өңірлерінде ЖРВИ өршіп тұрғанын айтқан болатын. Бұдан бөлек, сайлау күні маска киіп баруға кеңес берді.

7 ЖЫЛҒА БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРЫЛДЫ

Петропавлда ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы Сергей Перовтың қатысуымен бірнеше рет пара алу фактісі бойынша Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесіне қатысты қылмыстық іс бойынша ҚР ҚПК-нің 200-бабы тәртібінде ұсыну қаралды.

Тергеу нәтижесінде 2021 жылғы қарашада Кенжебаев Айыртау әлеуметтік қызмет көрсету орталығындағы тексеру нәтижелері бойынша келтірілген залалды өтей отырып, тәртіптік және әкімшілік жауапкершілікке тартылуға жататын, лауазымды тұлғалардан анықталған бұзушылықтарды аудиторлық есепте көрсетпегені үшін 2,5 млн. теңге сомасында материалдық сыйақы алғаны анықталды.

Осы уақытта тексеру комиссиясы аудитті жұмыспен қамтуды үйлестіру басқармасында және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарында жүргізді, онда да бірқатар бұзушылықтар анықталды. Кенжебаев аудиторлар тобын басқара отырып, мемлекеттік органның басшысы Қошмановты тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселені қарау үшін облыс әкімінің атына нұсқама жіберудің орнына пара талап етті.

«Қошмановпен жеке кездесу барысында

Кенжебаев оған шара қолданбағаны үшін АИ-95 маркалы 300 литр бензинге талон түрінде материалдық сыйақы беру туралы заңсыз талап қойды. Қошманов өзінің жеке қаражатын жұмсағысы келмей, өзіне сеніп тапсырылған басқармадан 400 литрлік талондарды тегін алып, оның 100-ін жеке қажеттіліктеріне пайдаланды», – деді превенция басқармасының басшысы Дамир Хабибулин.

Заңсыз әрекеттері үшін Петропавл қаласы сотының үкімімен Кенжебаев мемлекеттік қызметте қызмет атқару құқығынан өмір бойына айырыла отырып, параның сомасын мемлекет кірісіне қайтарумен, қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіздік мекемесінде 7 жыл жазасын өтейтін болды.

Осы үкіммен сот Қошмановқа оған сеніп тапсырылған біреудің мүлкін жымқырғаны және пара бергені үшін параның 30 еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл түрінде жаза тағайындады, бұл шамамен екі млн теңгені құрайды.

Әлеуметтік қызмет көрсету орталығының лауазымды тұлғаларына қатысты қылмыстық іс ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатылды. Жасалған қылмыс туралы өз еркімен хабарлағаны және алдын ала тергеуге ықпал еткені үшін.

СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі.

КӨРІСУ-АТА ДӘСТҮРІМІЗ

Тарихи тамыры тереңге бойлаған бұл салт — дана халқымыздың ұлысы болып ұйғандығының жарқын көрінісі еспетті. Ата-бабаларымыз ертеден дәл осы күні бір-бірімен қуана қауышып, амандық-саулық сұрасып, ізгі тілектерін арнаған. Ұлық дәстүр бүгінде ұлттық ерекшелігіміз ғана емес, ғасырларға жалғасып келе жатқан ұрпақтар сабақтастығының алтын көпіріне айналды. Көрісу — адамдардың бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін қауышу мерекесі ғана емес. Жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілттипат білдіретін ізгі амал. Көктемнің елең-алаңында басталатын Көрісу салтының өзіндік ерекшелігі — бір күннен шектелмейді, жыл бойы жалғасады. Бұл мейрам — өскелең ұрпақты ізеттілік пен мейірімділікке, ауызбіршілік пен кішіпейілділікке, татулық пен бауырмалдыққа бастайтын тағылымға толы.

Көрісудің қай уақыттан бері тойланып келе жатқаны турасында нақты мәлімет жоқ. Дегенмен, ең бастысы — Жер-Ана жаңарған тұста адамдар өкпе-ренішті ұмытып, ағайынның амандығын тілеген, арнайы сәлем берген. Бүгінгі Көрісу күні ежелден келе жатқан ата салтымыз бойынша жастар осы күні үлкендерге сәлем беріп, батасын алады. Бұл — нағыз береке-бірлік пен ырыс-ынтымақтың мейрамы. Бұл күні адамдар бір-біріне барып, кездескен кезде міндетті түрде қол ұстасып: «өткен жылмен!» деп амандасады. 14 наурыз ежелден жаңа жылдың басы болып саналды. Жер оянады, ауа көктемгі балғындыққа толы, әрқайсымыз ұзақ қыстан кейін іштей жиналамыз, енді біз келесі биіктерге ұмтылып, Наурыз мейрамына дайындаламыз. Баршаңызды Көрісу күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл — елдің ырыс-ынтымағын арттыратын айрықша мейрам. Адамдар бұл күні арасындағы бұрынғы өкпе-ренішін кешіріп, араздықты ұмытып, бір-біріне амандық-саулық тілейді. Көктемге аман-есен жеттік деп, дастархан жайып, үлкендерге сәлем беріп, құттықтап жатады.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі қарсаңында аудан тұрғындарына тілерім береке-бірлігіміз артып, әр отбасына амандық, еңбектеріңізге зор табыстар тілеймін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Ұйынша таңы



ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Аса қамқор, ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Баршаңызды күллі мұсылман баласы сағына күткен, берекелі, қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын. Рамазан мүбәрәк болғай! Рамазан – жалпыға ортақ ізгі амалдар маусымы. Ораза – тәрбие, сабыр, қайырымдылық, ізгілік мектебі.

Рамазан – қайырымды жандар үшін үлкен мүмкіндік. Оразада жасалған Жаратушы Иемізге ұнамды әрбір қайырлы іс – үлкен сауап. Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) бір өсиетінде: «Адамдардың жақсысы – елге пайдасы тигендері», – деген. Адам қалай ниет етсе, сол мақсатына жетеді.

Әр пенде сауапты амалымен, тақуалығымен Алланың алдында дәрежесі артады. Жомарт, жанашыр азаматтарды, кәсіпкерлерді көмекке мұқтаж адамдарға қамқорлық көрсетуге, мәселен, су тасқынынан үйсіз, шарасыз қалған отандастарымызға қайырымдылық жасауға, табиғи апат салдарынан бұзылған үйлерді жөндеуге қол ұшын беруге, жетім мен жесірге мейірімділік танытып, қараусыз қалған қарттарға көңіл бөлуге шақырамын.

Зекет беру – жағдайы келген (шариғат бойынша нисап мөлшеріне жеткен) мұсылманға парыз. Ал зекет берекелі Рамазан айында берілсе, оның да сауабы еселеніп жазылады.

Қасиетті айдың құрметі үшін азық-түлік, көкөніс пен тұрмыстық заттарға жеңілдік жасалып, Құдайы астар мен садақалар ауызашар уақытында ұйымдастырылса, тойлар ішімдіксіз өткізілсе, жамандықтың бастауы болған арақ-шараптың сатылуына барынша жол берілмесе деген тілегімді білдіремін.

Сонымен қатар, көпшілік жұртқа оразаның әр күнінде бір жақсылық жасауды жоспарлап, осынау сауапты амалдарды ықыласпен орындауға, Алланың әрдайым бізге үздіксіз нәсіп ететін нығметтерінен садақа беруге шақырамын. Ізгі амалдар Рамазаннан кейінгі айларда да жалғасын тапса игі. Рамазан – бірлік айы. Осы айда берілетін ауызашарлар ағайын-жұрттың арасын жақындастырып, игі іс-шаралар мен қайырымдылық акциялар халқымызды сенімі мен нәсіліне қарамай, ортақ мақсатқа үндейді. Бүкіл әлемнің Жаратушысы барша адамға: «Бөлінбеңдер», – деп бауырмал болуға бұйырған. Бірлігі күшті елдің берекесі артады. Бірлігімізге бекем болайық! Ораза нағыз, шынайы тақуалыққа жетелейді. Құранда Алла тағала: «Ей, иман келтіргендер! Күнелерден сақтанып, тақуалыққа жетулерің үшін сендерге бұрынғыларға парыз етілгендей ораза парыз етілді» («Бақара» сүресі, 183-аят), – дейді. Қымбатты жерлестер! Қасиетті Рамазан айы құтты болсын! Ұстаған оразаларыңыз, дұға-тілектеріңіз қабыл болғай! Рамазан айында жасаған игі істеріңіз сауаптан жазылып, Алла тағала елімізге, жерімізге береке жаудырғай! Қадірлі жамағат! Сауабы еселеніп жазылатын қасиетті айда жасаған амалдарымыз бен ізгі ниеттерімізді Алла Тағала қабыл еткелі! Әмин!

ҚМДБ Төралқа мәжілісінің шешімімен биыл бір адам атынан берілетін пітір садақа мөлшері 535 теңге деп бекітілді.

Зиятбек АХМЕТҰЛЫ,

Тайынша аудандық мешітінің Бас имамы.

Бұл бетте Қасиетті Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінен үзінді жариялануына байланысты газетті аяқасты қалдыруға болмайтындығын ескертеміз.

Айлардың сұлтаны Рамазан

Құдайға шүкір қасиетті рамазан айына да аман-есен жеттік. Ұлық айға есендікпен жеткеннің өзі үлкен нығмет. Жаратқан Ие баршамызға осы айдағы жауапкершілікті лайықты түрде атқаруға медет берсін, жәрдем етсін. Алла Тағала Құран кәрімде «Бақара» сүресі 183-185 аятында былай деп айтты. Әй мүміндер! Сендерге бұрынғыларға парыз болғандай ораза парыз етілді. Әрине сақтанасыңдар. Санаулы күндерде. Сонда сендерден кім ауру немесе жолаушы болса, басқа күндерде өтесін. Және сондай ораза ұстай алмайтындар бір міскіннің тамағын төлесін. Сонда кім ынтығып артық қайыр етсе, ол өзіне жақсы. Білесіңдер сендер үшін ораза ұстауларың тағы жақсы. Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және ақ пен қараны айыратын дәлел түрінде құран түсірілген. Сендерден кім Рамазан айында болса, ораза ұстасын. Ал біреу науқас не сапарда болса, басқа күндерде санын толтырсын. Алла сендерге жеңілдік қалайды, ауыртпалық қалмайды. Сендерді тура жолға салған Аллаға шүкірлік етулерің үшін санын толтырыңдар әрі алланы ұлықтаңдар

Осы аяттарға зер салып қарасақ көптеген жайттарға қанық боламыз. Алдымен, ораза құлшылығы бізден бұрынғы қауымдарға да парыз болғанын білеміз. Оразаның парыз болған мерзімі санаулы күндер, яғни бір ай. Бұл жаратқанның мүмін құлдарына жасаған бір ерекше жеңілдігі. Жыл он екі айдың бір айын құлшылыққа арнау кез келгенін мүмін пенденің қолынан келетін іс. Ал егер пенде науқас немесе сапарда жүрсе, онда дертінен айырса немесе сапардан оралған соң басқа күндерден сол мерзімді толықтырып тұтуы қарастырылған. Егер ораза тұтуға қауқары жетпейтін кәрі немесе созылмалы дерті бар кісі болса, онда әр бір күнге бір міскінді тамақтандыруы тиіс. Денсаулығың жетіп ораза тұтсаң ең қайырлысы сол. Өйткені бұл айды еш бір ай ауыстыра алмайды. Себебі бұл айда Алла

Тағала өзі айрықша еткен. Рамазан адамдарды тура жолға бастайтын қасиетті Құран аяттары түсіріле бастаған ай. Одан бұрынғы басқа иләһи кітаптар нақ осы айда түсірілген. Сонымен қатар әр жылы келетін Рамазан айының өзінің орны, уақыты бар. Осы қасиетті айдың тұғанын көре тұра ораза ұстамаған адам кұнаһар болады екен. Өйткені ол Алла Тағаланың әмірін орындамай, оған салғырт қарағаны үшін. Ал мұндай іс Жаратушы Хақ Тағаланың ашу-ызасын тудыратын, қаһарына ұшырауға себеп болуына ықтимал. Өйткені аталмыш аятта иман келтірген әрбір жаннан егер сол айға аман-сау жетсе, ораза тұту талап етіледі. Ал, Алланың әмірін екі етуге болмайды. Дініне салғырт қарап, соның себебін ғибадаттан, Раббысының Рақымына жеткізетін үлкен нығметтерден мақұрым қалып жүрген мұсылмандарды жаратқан ие тура жолға бастасын. Адамзаттың асыл Пайғамбары(с.ғ.с.) Рамазан айының алғашқы түні шайтандар мен жындар кісенделеді. Тозақтың қақпалары жабылады да білеулері де ашылмайды. Жұмақтың қақпалары айқара ашылады да біреуі де жабылмайды. Бір жар салушы: «Ей жақсылық қалаушы, баста! Ей жамандық қалаушы таста! Алланың тозақтан азат ететін құлдары бар» деп жар салады. Әр бір түні осылай айтады. Бухари мен Мұслимнің Әбу һурайрадан жеткізген риуаятында Алла елшісі (с.ғ.с.) Кімде кім Рамазан оразасын шынайы сенім сауабынан үміт еткенде түрде тұтса, оның бұрынғы күнелері кешіріледі. Құрметті бауырлар, жерлестер! Қасиетті айдың сауабын алуға баршамызға Алла нәсіп етсін. Тәуелсіз қазақ елінде амандық болсын. Әлем мұсылмандарына Алла жар болсын. Осы айды тек ішіп жеуден емес, күнәміз кешірілген және Алланың сауабына кеңелетін түрде өткізейік. Жаратқан жалғыз, Хақ өзі панасына алсын. Рамазан мүбарак болсын. Чкалово с/о. «Қожағұл Махмет қажы» мешітінің имамы Арман Егінбай ұлы Бекмағамбетов.

ОРАЗА ЖАЙЛЫ ҒИБРАТТЫ ӘНГІМЕЛЕР

Пайғамбарымыз ﷺ бір күні сахабаларына ораза ұстауды бұйырып, артынша былай деп қатаң ескерту жасады:

– Мен рұқсат етпейінше кешке ешкім ауыз ашпасын!

Елдің бәрі жаппай ауыз бекітіп, ораза ұстады. Кеш түскенде жеке-жеке келіп, ауыз ашуға рұқсат алып жатты. Дәл осы тұста бір кісі жақындап келіп:

– Уа, Расулаллан! Екі қызым күні бойы ораза ұстаған еді. Ұялғандықтан өздері келіп сізден рұқсат сұрай алмады. Рұқсат етсеңіз, оразаларын аяқтап, ауыздарын ашса жақсы болар еді, – деп өтініш білдірді.

Алайда рұқсат берілмеді.

Әлгі кісі тағы екі рет келіп рұқсат сұрады. үшінші рет келгенде пайғамбарымыз:

– Өкініштісі, олар бүгін ораза ұстаған жоқ.. Күні бойы «кісі етін жеген» (әркімнің сыртынан өсек айтып, ғайбаттаған) адам қайтіп ораза ұстасын?! Бар да оларға айт: егер ниет етіп ораза ұстағандары рас болса, дереу құсып тастасын, – деді.

Әлгі кісі айтылғандарды қыздарына айна-қатесіз жеткізді. Олар бұйрықты орындап, өздерін күштегенде кесек-кесек қан құсып жіберді. Әлгі кісі келіп бұл жайды пайғамбарымызға білдіргенде, ол:

– Құдіреті күшті Алла Тағалаға ант етейін, егер олар әлгі ұйыған қанды құсып тастамағанда, тозаққа күйдіретін от асаған болар еді, – деді.

Иә, тек тамаққа ғана емес, тілге де, көзге де, аяққа да, қолға да ораза болса, сонда ғана ол нағыз ораза болмақ.

ОРАЗА НЕГЕ БҰЗЫЛДЫ?

Әулие құлдардың оразасы астан тыйылумен ғана шектелмеген. Олар ауыз бекіткенде бойды

барлық жаман қылықтардан аулақ ұстап, рухани тазалыққа көп көңіл бөлген. Жаратушы иенің разылығын мақсат тұтқандықтан, жыл он екі айдың барлығын Рамазан айындай құрметтеп, үнемі ораза ұстаған.

Ауыз бекіткен бір күні қасындағылар үндістанның патшасын сырттай өсекке таңды. Осы сәт Дыхләуи: «Қап, оразамды бұзып алғанымды қарашы» деп өкініш білдірді.

Әулиенің бұл тосын қылығына қасындағылар «Айтылған өсек оразаны бұзатынын меңзедіңіз бе, алайда өсекті сіз емес басқалар айтқан жоқ па?» деп таңырқағанда, ол

«Ғайбат – айтушыға да, тыңдаушыға да ортақ» деген хадиспен жауап берді.

ҚАБЫЛ БОЛМАЙТЫН АМАЛ

Сахабаларымен отырған бір күні Мұхаммед пайғамбарымыз ﷺ қиямет жайлы сөз қозғады. Толассыз айтылған әңгіменің бір ұшығы адамның бұл дүниеде жасаған амалдарына барып тірелді.

«Қиямет күні біршама адам Тахаманың үлкендігіндей сауап арқалап келеді. Бірақ олардың амалдарын Алла Тағала жоққа санайды».

Бұны естігенде бойын үрей билеген Сәлім Хұзафа: – Уа, Алланың құрметті елшісі, әкешем жолыңа құрбан болсын. Олардың қандай адамдар екенін айтпас па екенсіз? Аңдаусызда солардан бірі мен болып қалмайын деп қатты қорқып тұрмын, – деді.

Сонда пайғамбарымыз ﷺ оған: – Әй, Сәлім, олар ел қатарлы ораза ұстайды, намаз да оқиды. Алайда харамға тап келгенде, Жаратушыдан қорықпайды. Міне, Алла Тағала осындайлардың амалын қабылдамайды, – деді.



muftiyat.kz



QR-код арқылы Рамазан парақшасына өте аласыздар

Рамазан 2023

Тижери 1444 жыл

Ораза кестесі

Тайынша қаласы

Рамазан айы	Апта күндері	Наурыз және Сәуір	Таң (Сәресі бітетив уақыты)	Күннің шығуы	Бесін	Екінті	Ақшам (Ауызашар уақыты)	Құптан
1	Бейсенбі	23 Наурыз	5:38	7:12	13:33	17:42	19:44	21:18
2	Жұма	24 Наурыз	5:36	7:10	13:32	17:43	19:46	21:20
3	Сенбі	25 Наурыз	5:33	7:07	13:32	17:44	19:48	21:22
4	Жексенбі	26 Наурыз	5:30	7:05	13:32	17:46	19:50	21:25
5	Дүйсенбі	27 Наурыз	5:27	7:02	13:31	17:47	19:51	21:27
6	Сейсенбі	28 Наурыз	5:24	7:00	13:31	17:49	19:53	21:29
7	Сәрсенбі	29 Наурыз	5:22	6:58	13:31	17:50	19:55	21:31
8	Бейсенбі	30 Наурыз	5:19	6:55	13:30	17:52	19:57	21:34
9	Жұма	31 Наурыз	5:16	6:53	13:30	17:53	19:59	21:36
10	Сенбі	1 Сәуір	5:13	6:50	13:30	17:54	20:01	21:38
11	Жексенбі	2 Сәуір	5:10	6:48	13:30	17:56	20:03	21:41
12	Дүйсенбі	3 Сәуір	5:07	6:45	13:29	17:57	20:04	21:43
13	Сейсенбі	4 Сәуір	5:04	6:43	13:29	17:58	20:06	21:45
14	Сәрсенбі	5 Сәуір	5:01	6:40	13:29	18:00	20:08	21:48
15	Бейсенбі	6 Сәуір	4:58	6:38	13:28	18:01	20:10	21:50
16	Жұма	7 Сәуір	4:55	6:36	13:28	18:02	20:12	21:52
17	Сенбі	8 Сәуір	4:52	6:33	13:28	18:04	20:14	21:55
18	Жексенбі	9 Сәуір	4:49	6:31	13:28	18:05	20:15	21:57
19	Дүйсенбі	10 Сәуір	4:46	6:28	13:27	18:06	20:17	22:00
20	Сейсенбі	11 Сәуір	4:43	6:26	13:27	18:08	20:19	22:02
21	Сәрсенбі	12 Сәуір	4:40	6:24	13:27	18:09	20:21	22:05
22	Бейсенбі	13 Сәуір	4:37	6:21	13:27	18:10	20:23	22:08
23	Жұма	14 Сәуір	4:34	6:19	13:26	18:11	20:25	22:10
24	Сенбі	15 Сәуір	4:31	6:17	13:26	18:13	20:27	22:13
25	Жексенбі	16 Сәуір	4:28	6:14	13:26	18:14	20:28	22:16
26	Дүйсенбі	17 Сәуір	4:24	6:12	13:26	18:15	20:30	22:18
27	Сейсенбі	18 Сәуір	4:21	6:10	13:25	18:16	20:32	22:21
28	Сәрсенбі	19 Сәуір	4:18	6:07	13:25	18:18	20:34	22:24
29	Бейсенбі	20 Сәуір	4:15	6:05	13:25	18:19	20:36	22:27

ЕСКЕРТПЕ:

- 21 СӘУІР – ОРАЗА АЙТ.
- СӘУІР АЙЫНЫҢ 17-НЕН 18-НЕ ҚАРАҒАН ТҮН – ҚАСИЕТТІ ҚАДІР ТҮНІ.
- ПІТІР САДАҚАСЫ ЖАН БАСЫНА 535 ТЕҢГЕ.
- ОРАЗА НИЕТИ: АЛЛА ТАҒАЛАНЫҢ РАЗЫЛЫҒЫ ҮШІН ТАҢ АТҚАННАН КҮН БАТҚАНҒА ДЕЙІН РАМАЗАН АЙЫНЫҢ ОРАЗАСЫН ҰСТАУҒА НИЕТ ЕТТІМ.
- АУЫЗАШАР ДҰҒАСЫ: УА, ЖАРАТҚАН ИЕМ! СЕНІҢ РАЗЫЛЫҒЫҢ ҮШІН ОРАЗА ҰСТАДЫМ, САҒАН ИМАН КЕЛТІРДІМ, САҒАН ТӘУЕКЕЛ ЕТТІМ, СЕН БЕРГЕН РИЗЫҚПЕН АУЫЗ АШТЫМ. УА, КЕШІРІМДІ АЛЛА! МЕНІҢ АЛДЫҒЫ ЖӘНЕ КЕЙІНГІ КҮНӘЛАРЫМДЫ КЕШІР!
- САҚТЫҚ ҮШІН СӘРЕСІН 10 МИНУТ ЕРТЕ ЖАБУ.
- САДАҚАНЫ KASPI.KZ, HALYK HOME BANK, FORTE BANK, БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ, ASTANA-PLAT, BEREKE BANK МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗПОЧТА АРҚЫЛЫ АУДАРУҒА БОЛАДЫ.

КАРАНТИНГЕ ЖАТҚЫЗЫЛАТЫН ӨНІМДЕРДІ БАҚЫЛАУ



ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі өсімдіктер карантині саласында сапалы мемлекеттік қызметтер көрсету үшін ең жақсы жағдайлар жасауға ұмтылады, ЕАҚБ бағдарламасын үнемі жетілдіріп және жаңғыртып отырады, нормативтік-құқықтық базаға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі, мәселен, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 28 мамырдағы №172 бұйрығымен «ҚР аумағын карантиндік объектілерден және бөтен түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №15-08/590 бұйрығына өзгерістер енгізілді.

5. Қызметі өсімдік өнімдерін өндірумен, дайындаумен, өткізумен, тасымалдаумен байланысты жеке тұлғалар, ұйымдардың басшылары осы ұйымдарда карантиндік фитосанитариялық іс-шараларды орындауға жауапты тұлғаларды айқындайды және олардың жұмысы үшін жағдайларды қамтамасыз етеді. Параграф 1. Карантинге жатқызылған өнімді әкелу кезінде қорғау (өсімдіктердің сыртқы карантині)

6. Өнім беруші Қазақстан Республикасының аумағына карантинге жатқызылған өнімді жеткізуге шарттар жасасу кезінде уәкілетті органнан карантиндік объектілерді әкелудің алдын алу жөніндегі карантиндік фитосанитариялық талаптар, карантиндік фитосанитариялық шаралар туралы қажетті ақпаратты алады және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы және кедендік аумағындағы карантинге жатқызылған өнімдерге және карантинге жатқызылған объектілерге қойылатын бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптарда айқындалған әкелу шарттарының орындалуын қамтамасыз етеді Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 30 қарашадағы № 157 шешімімен бекітілген (бұдан әрі-бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптар).

7. Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттің басталуы мен аяқталуы фитосанитариялық бақылау бекеттері арқылы ғана жүзеге асырылады.

8. Карантинге жатқызылған өнім, сондай-ақ көлік құралдары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-4/282 бұйрығымен бекітілген өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантиндік объектілер мен бөтен түрлердің тізбесіне сәйкес карантиндік объектілерден және бөтен түрлерден бос Қазақстан Республикасының аумағына әкелінеді (мемлекеттік карантиндік объектілер тізілімінде тіркелген). нормативтік құқықтық актілерді тіркеу № 11739) (бұдан әрі – тізбе).

Фитосанитариялық бақылау бекеттерінде алғашқы карантиндік фитосанитариялық бақылау және әкелінетін, әкетілетін және транзиттік карантинге жатқызылған өнімге қадағалау жүргізіледі.

Карантинге жатқызылған өнімді тағайындау пункттерінде қайталама карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүргізіледі.

Қажет болған жағдайда карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүргізу кезінде карантинге жатқызылған өнімнің аумағы мен шыққан жерінің, межелі пунктінің, сондай-ақ бос немесе таралуы шектеулі карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен түрлердің аймақтарының, орындарының, өндіріс учаскелерінің фитосанитариялық сипаттамасын ескере отырып, карантиндік фитосанитариялық сараптама және (немесе) зертханалық сараптама жүргізу үшін үлгілер іріктеледі.

9. Әкелінетін карантинге жатқызылған өнім Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жабық немесе изотермиялық, жарамды және пломбаланған контейнерлерде, герметикалық қаптамаларда, вагондарда, автофургондарда, авторефрижераторларда және жүк көлік құралдарының басқа да түрлерінде тасымалданады.

Карантинге жатқызылған өнімнің иесі карантинге жатқызылған өнімнің кез келген қолжетімді тәсілмен келгені туралы уәкілетті орган ведомствосының облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың) аумақтық бөлімшесін (бұдан әрі – аумақтық бөлімше (көрсетілетін қызметті беруші) хабардар етеді және карантинге жатқызылған өнімді тағайындалған, жеткізілген жерде карантиндік фитосанитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру үшін бір жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

10. Карантиндік объектілермен және бөгде түрлермен

жұқтырудың жасырын нысанын алып жүретін карантинге жатқызылған өнім оны интродукциялық-карантиндік питомниктерде тексеру шартымен әкелінеді:

егіс және отырғызу материалдарының үлгілерін, оның ішінде ғылыми-селекциялық мақсаттар мен сорттық сынақтар үшін;

ғылыми-зерттеу мекемелері мен ботаникалық бақтар арасындағы алмасу тәртібімен себу және отырғызу материалдарының үлгілері.

11. Экспорттаушы елдердің ұлттық карантиндік қызметтерінің фитосанитариялық сертификатын көрсетпей, Заңның 13-бабы 2-1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жоғары фитосанитариялық тәуекелі бар карантинге жатқызылған өнімді әкелуге жол берілмейді.

12. Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін межелі пункттерінде, уақытша сақтау орындарында, Кедендік бақылау аймақтарында немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде әкелінетін карантинге жатқызылған өнімнің кедендік құжаттарын кедендік тазарту және ресімдеу өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектордың қайталама карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүргізгеннен кейін, карантиндік бақылау жүргізу туралы тиісті мөртаңба қойыла отырып жүзеге асырылады. осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фитосанитариялық сертификаттарда, тауар-көлік құжаттарында және карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісінде.

13. Фитосанитариялық бақылау бекеттерінде карантинге жатқызылған өнім өсімдіктерінің карантині саласындағы мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылауды және қадағалауды аумақтық бөлімшенің (көрсетілетін қызметті берушінің) фитосанитариялық бақылау бекеттерінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлары жүзеге асырады.

14. Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау, сондай-ақ фитосанитариялық бақылау бекеттерінде, тағайындалған орындарда, уақытша сақтау орындарында немесе Кедендік бақылау аймағында Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған жеткізу орындарында карантинге жатқызылған өнімді тексеріп қарау карантинге жатқызылған өнімді кедендік тазартқанға дейін жүзеге асырылады тиісті карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісін ресімдей отырып.

15. Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор карантинге жатқызылған өнім иелеріне Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын түсіндіреді, әкелінетін карантинге жатқызылған өнімнің бірыңғай карантиндік фитосанитариялық талаптарға сәйкестігін тексереді, жоғары фитосанитариялық тәуекелдегі карантинге жатқызылған өнімге фитосанитариялық сертификаттың болуын белгілейді, көлікке, карантинге жатқызылған өнімге сыртқы қарап-тексеруді жүргізеді.

16. Егер тасымалдаушы мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалауды жүргізу үшін карантинге жатқызылған өнімді көрсетуден бас тартқан жағдайда, ол экспорттаушы елге оның иесінің қаражаты есебінен қайтарылуға жатады, ол туралы өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор карантинге жатқызылған өнімді қайтару актісін жасайды, тиісті аумақтық бөлімшені (көрсетілетін қызметті берушінің), шекара органдары мен мемлекеттік органдарды хабардар етеді карантинге жатқызылған өнімді экспорттаушы елге қайтаруды жүзеге асыру кезіндегі Қазақстан Республикасының кірістері.

17. Жергілікті жерде карантиндік объектілерді айқындау мүмкін болмаған жағдайда үлгілер мен объектілер объектілердің карантиндік түрлерге тиістілігін растау үшін уәкілетті ұйымға беріледі.

18. Карантинге жатқызылған өнімді карантиндік тексеріп қараудан және өсімдіктер карантині бойынша қажетті іс-шараларды жүргізгеннен кейін өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор ілеспе тауар-көлік құжаттарына осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша карантиндік фитосанитариялық бақылаудан және қадағалаудан өткені туралы тиісті мөртаңба қояды және иесіне карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісін береді.

Өсімдіктер карантині саласындағы заңнаманы бұзушылықтар болмаған кезде карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісі 1 (бір) жұмыс күні ішінде ресімделеді.

19. Карантинге жатқызылған өнімдер мен көлік құралдарын қайталама карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау Заңның 7-бабы 1-тармағының 24) тармақшасына сәйкес жүргізіледі.

Жоғарыда көрсетілген барлық мемлекеттік қызметтерді Қазақстан Республикасының аумақтық инспекцияларында тегін көрсетеді.

Мемлекеттік қызметтерді алу бойынша қосымша ақпаратты ҚР АШМ АӨК МИК Тайынша аумақтық инспекциясынан мына мекенжай бойынша алуға болады: СҚО, Тайынша қаласы, Советская көшесі, 191. Телефон: 8 (71536)23-2-17, 2-18-73.

Ерболат ҚАПАШЕВ,
АШМ АӨК МИК Тайынша аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі бас маманы – мемлекеттік инспекторы.

БАЛАСЫН ОРЫСША ОҚЫТАТЫНДАР НЕ ОЙЛАП ЖҮР?

Бала қай тілде тәрбие, білім алса, сол тілдің мүддесін қорғап жүретіні белгілі. Кешегі күнге дейін ел арасында орысша оқыған баланың ойы озық, білімі толық болады деген қаңқу сөз өріп жүрді. Оның негізі Патша үкіметіне отар болған елдің кезінде орысша білім алғанында жатса керек. Сол тұста «орысша білгеннің болашағы бар» деген тәмсіл де кітапқа түспегені болмаса, шынайы дүние еді. Нәтижесінде егемендік алғанымызға отыз жылға жуықтаса да сол тілде армандайтын, ана тілін ұмытқан атқамінерлердің қарасы қалыңдады. Бұғанасы қатаймаған баланы орысша оқытып, қатарынан озық қыламын деп арамгерге түсетіндер де осылар.

Қайбір жылдары бұқаралық ақпарат құралдары елде орыс тілді білім беретін мектептердің жаппай қабылып жатқаны туралы ақпарат таратты. Бір қызығы, өзге этнос өкілдері ақжолтай жаңалыққа қолдау білдіріп, бұны мемлекеттік тіл мәртебесінің жоғарылауы деп баға берді. Алайда күні бүгінге дейін алты жасар баласын ауыл сыртындағы орыс сыныбы бар мектепке жетектеп жүрген ата-аналарды көптеп кездестіруге болады. Кейбірмен пікірлесу барысында бұның себебі орысша оқулықтардағы білімнің тереңдігі мен заманауилығында жатқандығын аңғардық. Ал осындайда «Отандық ғалымдардың, аудармашылардың даярлаған еңбектері қазақ тілінде білім алатын балалардың келешекте болашағы зор болуына көмектесе алмайды ма?» деген сұрақ көңілде қылаң береді. Олай болса мұндай ата-аналар қазірдің өзінде әлем елдерінің назарын өзіне аударған зияткерлердің кімнен тәлім алып отырғанын білмейді. Осы тұста қазақ тілді мектептердің қаншалықты жоғарғы нәтиже көрсетіп жүргенін тілге тиек ете кеткен жөн болар.

Өткен жылдары білім саласындағы тоқырауды есепке алмағанда, білім беру бағыты айтарлықтай жақсы көрсеткіш көрсетіп келеді. Өзге тілде білім алған оқушының бағдарламаны толық меңгере алмайтынын да сол тұста уақыт көрсетіп берді. Мәселен, Ұлттық бірыңғай тестілеудің 125 балдық кеңестік республика бойынша толық ұпай жинаған 19 оқушының бәрі тек қазақ сыныбының түлегі екенін көп адам біле бермейді. Сондай-ақ ел көлемінде жоғары көрсеткішке қол жеткізген 10 мектептің 8-і таза қазақ мектебі, бірі орыс, тағы біреуі аралас мектеп екені анықталды. Сонымен бірге өткен жылы ең жоғары 139 балл жинаған оқушы да қазақ мектебінің түлегі еді.

Бұлардан бөлек дүниежүзілік олимпиадаларда алтыннан алқа тағынып, ел абыройын асқақтатып жүргендер қазақ мектептерінің тәрбиеленушілері екені анық. Бүгінгі күні додаларда топ жарып жүргендер мен белгілі бір салада орасан жетістікке жеткен жандардың барлығы дерлік ана тілінде сауатын ашқан.

Сонымен қатар қазіргі таңда балаларын қазақ тілді мектепке беретіндердің үлесі 90 проценттен асқанын естен шығаруға болмайды. Олар мектеп бітіргеннен кейін жоғары оқу орнына талаптанатыны анық. Осы тұста білім грантын жеңіп алу үшін баланың қазақ мектебінде оқығаны кәдімгідей әсер етеді. Себебі Ұлттық тестілеуді мемлекеттік тілде тапсыру үшін 2017 жылғы түлектердің 76 проценттен астамы өтініш берген. Демек соған сай білім гранты қазақ тілді аудиторияға бірнеше есе көбірек берілеті белгілі.

Шамасы жететіндер мемлекеттік грантты керексінбей, бала жақсы оқып шықса болдыға салып, өз қалтасынан жоғары оқу орнына түсіруі мүмкін. Алайда университетке дейінгі оқушының білім деңгейі оның келешегіне әсер етпей қоймасы анық. Осы тұста елде орыс тілінен дәріс беретін пән мұғалімдерінің деңгейі де, саны да аз екенін ескерген жөн. Бәрін шетке ысырып қойып, аудан төңірегіндегі мектептерге көз жүгірте қалсаңыз, білікті оқытушыны саусақпен санауға болады. Бұндай әңгімені білім ошақтарының басшыларынан да, қарапайым мұғалімдердің аузынан да естіп жүргенімізді жасырып қайтеміз?!

Бүгінгі таңда ата-аналардың балаларын орыс мектебіне беруінің сыры – кішкентайлары ер жеткен соң басқа елде біліп алып, сонда көгерсін деген ой бар секілді. Әйтпесе, қазақ тілінде беріліп жатқан білімнің басқа елдердегі оқытудан кем дегендік сөз мүлде негізсіз. Бұл мемлекет пен тәуелсіздіктің нығаюына кедергі жасау мақсатында ойлап табылған, болашағы жоқ аңыз-әңгіменің көп тараған түрі болуы мүмкін. Әйтпесе дамыған Еуропа елдерінің барлығы балаларын орыс тілді мектепке беруі керек еді. Бірақ неге олай жасамайды?

Ринат ӘБДІҚАЛЫҚ,
журналист.

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ



Тайынша ауданына қарасты Теңдік ауылының тұрғыны болған, ағайын-туыстың тірегі, ақылшысы, ал немерелерінің ертегі айтып еркелетер әжесі болған

КЕНЖЕСАРИНА БӘДИША ӘБІЛМӘЖІНҚЫЗЫ

осыдан 40 күн бұрын өмірден озды. Әжеміздің бір қарағанда қатал жүзі, бірақ сабырлы мінезі мен сөйлеген сөзі, өзіне жарасып тұратын. Сәл ғана жымыған күлкісі де есімізде мәңгілік сақталары сөзсіз. Ол – еңбектес ерінбейтін, туған-туыс, өзімен қатарлас құрбыларының арасында өте сыйлы, құрметті болды. Ол кісінің көрген қиындықтары да аз болмады, соның бәрін көтеріп, өзгені жұбата білетін, өзі ауырса білдіртпей, өзгенің көңілін сұрайтын асқан сабырлығы мен шыдамдылығының, парасаттылығы мен табиғи таза болмысының артындағы ұрпағына үлгі болып қалары сөзсіз. Мәңгі жүрегіміздесіз, асыл әже! Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын. Алла жұмақтан орын берсін!

Біз үшін ажалға қимас асыл жанға Құран бағыштап, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, иман байлығын берсін, қабірі нұрға толсын деп Жаратушымыздан сұраймыз. Басқа қолдан келер не амал бар? Сүйегі асыл, сөздері өсиетке толы, жүріп өткен жолдары кейінгі ұрпаққа тағылым болған бұрынғының адамдарының сабырлығы мен шыдамдылығына кейде қайран қаласың. Біздің де анамыз, әжеміз сондай жан еді. Қандай қиындық көрсе де сыр білдірмейтін. Балаларының амандығын Алладан тілеген асыл әжеміз өмірінің соңына дейін үй шаруасына ұқыпты болды. Жүзі жылы, жүрегі мейірімге толы әжемізді ажалдан арашалап қала алмадық. Өйткені, өлім хақ. Ажалдан ешкім құтыла алмайды. Сондықтан орны ойсырап тұрған анамыздың, әжеміздің рухына Құран бағыштап, Алла иман байлығын берсін дейміз.

Сағынышпен еске алушылар:
ағайын-туыс, бауырлары, балалары мен
олардан тараған немере-шөбере, жиендері.

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР, ЖЕРЛЕСТЕР!

22 наурыз күні орталық «Достық»
алаңында НАУРЫЗ мерекесіне
арналған мерекелік іс-шара өтеді.

Басталуы сағ: 11.00-де.



ҚЫМБАТТЫ АРДАГЕРЛЕР!

Сіздерді Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Елімізді өркендетуге, халқымыздың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған ауқымды шараларды жүзеге асырудағы қажырлы қызметтеріңіз әрдайым табысты болып, ойға алған барлық арман, жоспарларыңыз орындалсын.

Наурыз жыл басы саналып, әр кез қасиетті әрі киелі деп есептелген. Адамдар бір-біріне деген өкпе-наздары мен реніштерін ұмытып, шынайы көңілмен татуласқан. Тұрмыс-тіршілігін табиғат-анамен тығыз байланыстырған халқымыз үшін Наурыз жаңару мен жасампаздықтың бастауы. Халқымыз ежелден Ұлыстың Ұлы күніне балаған, жыл басы санаған Наурыз – бірлік пен береке мейрамы. Дастарханға ақ толатын, елімізге бақ қонатын бүгінгі арайлы шаққа халқымыз жыл бойы дайындық жасап, тамақтың дәмдісін, киімнің сәндісін сақтаған. Кезінде тоқырап қалып, қайта оралған наурыздың тарихы – ол біздің Тәуелсіздігіміздің тарихы! Егемендік жылдары Наурыз мейрамы ұлты мен дініне қарамастан барлық қазақстандықтарға ортақ қымбат шынайы жалпыхалықтық мерекеге айналды. Байырғы мереке жаңа бастамалардың негізі, достық пен келісімнің іргетасы бола отырып, қазіргі өмірімізден берік орын алып отыр.

Ардақты ардагерлер! Қадірлі біздің зейнеткерлер мен тайыншалық жерлестер! Еңбек ардагерлері! Ұлыстың Ұлы күні сіздердің дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық тілеймін. Әрбір шаңырақта береке мен бірлік, ынтымақ, молшылық болсын!

Анатолий РАФАЛЬСКИЙ,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ҚАДІРЛІ АРДАГЕР ҰСТАЗДАР, ӘРІПТЕСТЕР!

Наурыз – жыл басы, Ұлыстың Ұлы күні. Күн мен түннің теңелетін, жер арқасы кеңіп, күллі тіршілік әлемі қайта түлейтін табиғат мерекесі. Наурыз – адамдардың қыс қыспағынан аман қалып, малы төлдеп, аузы аққа жаритын шаруа мерекесі. Наурыз – жеті дәмнен Наурыз көже жасап, адамдардың бір-біріне дәм татқызып, дастархан басында бірге отыратын ынтымақ-бірлік мерекесі.

Қабырғалы қазақ елінің, барша қазақстандықтардың ырысы мен ынтымағының, салт-дәстүрлерінің салтанаты, берекесі мен бірлігінің ерекше көрінісі – Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесі құтты болсын! Күн мен түнді теңестірген, көпшілікті ізгілікке жетелеген Наурыз мерекесі бүкіл адамзатқа шаттық сыйлайды. Бұл тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтатын ұлы мереке. Халқымыз «Наурыз келгенде ақ молаяды, жарық ұзарады, тіршілік жаңарады, пейіл түзеледі, көңіл кеңиді» деп сенген. Шындығында өз-Наурыз табиғатқа тіршілік әкеліп, көпшілікке көтеріңкі көңіл сыйлайды. «Бұл күні Самарқанның көк тасы ериді» деген сөз Наурыз мерекесіндегі көңіл мен шуақтың, нұр мен пейілдің молдығын білдірсе керек. Наурыз мейрамы – мемлекеттік деңгейдегі ең ұлық мерекелеріміздің бірі.

Ардагерлеріміз Наурыз мейрамының өзіндік ерекшеліктерін жақсы біледі. Жақсылыққа жаны құмар, ұлтымыздың ұлы салт-дәстүрлерін жастар арасында кеңінен насихаттап жүрген ақылы дария, жүрегі кең аяулы ардагерлеріміз қашанда ынтымақ пен бірліктің үлгісін көрсетіп келеді.

Қадірменді Ұстаздар қауымы!
Зейнет жасындағы Еңбек ардагерлері!
Өз Наурыз мерекесі әр отбасына амандық, қуаныш, ырыс пен құт – береке әкелсін.

Гүлнар ИГБАЕВА,
аудандық білім бөлімінің басшысы,
Айнұр БЕЙСЕНБАЕВА,
Білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы.

НАУРЫЗ ШАШУЫН ШАШАЙЫҚ!

Әз-наурыз келіпті ауылға
Аяз жоқ, ысқырған дауыл да
Аспанда ашық бұлт жөнкіді
Кезекті берген-ау жауынға.
Шапағын шашты таң арайлы
Көктен күн, күлімдеп қарайды.
Алтын күн, арайлы таңменен
Әлемге жақсылық тарайды.
Таңменен тұрды әке-апамыз
Біз неге тұрмаймыз, жатамыз?!
Наурыз шашуын шашайық,
Дәм татсын Қызыр атамыз.

Жер ана бусанып, терлейді
Өзен-көл аққуын тербейді.
Шаттана ойна-күл, адамдар
Әз-Наурыз екі рет келмейді.
Наурыз жыл басы, жыл тойым
Үшеу боп тұр әне бір қойым
Үлкендер жасаушы ед, ырымдап
Күйеуге ұзатқан қыз тойын.
Қош көрдік, Наурыз алақай
Ауылымның құлпырды даласы,
Қатықпен дәмдеген көженің -
Дәмін сен татып көр, балақай.

Қожа Қабанұлы, газеттің тілшісі.

Меншік иесі: «Тайынша таңы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп,
№10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.»
ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы,
Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 92. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба
қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап
жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен
материалдардың мазмұны мен мәтініне
хабарлама беруші автор өзі жауапты.